

| Республикалық қоғамдық-саяси газет | www.aikyn.kz | Газет 2004 жылдың 6 наурызынан шыға бастады |



(Басы 1-бетте)

Нұрсұлтан Назарбаев — жана заман тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Біздің еліміздің ең қиын кезеңдерінде оған Елбасы болу тағдыры бұйырды. Ол барша қазақстандықтардың тағдыры үшін, қазіргі қазақ мемлекеті — Қазақстан Республикасының негізін қалау үшін жауапкершілікті мойнына алып, жігерін жаныды, батылдық пен қайсарлық танытты.

## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасы Сенатының төрағасы:

# Мемлекет құрушы, реформатор және жасампаз

«Назарбаев жобасының» ең басты ерекшелігі — тәуелсіздік және егемендік идеясының барлық белгілерін дәлме-дәл талдау және бағалау білу. Оның негізінде — қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтылығы, нарықтық экономика, әлеуметтік әділеттілік және сан үстемдігі.

1985 жылғы қыркүйек айы. Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы алауыздық әлі сейле қоймаған кез еді. Пекин бұрынғыша алдын ала шарт қоюдан танбайды. Монғолия мен Ауғанстаннан кеңес әскерін алып кету, Көмбоджандан басқыншы Үетнам әскерін шығаруға жәрдемдесу. Дегенмен Владивостокта Михаил Горбачевтің бітімгершілік сөзі мемлекетаралық қатынастарға тың серпін бергендей болды. Өз кезегінде Дэн Сяопин де америкалық журналистерге көген эксклюзивті сұхбатында алдын ала қоғам шарттары орындалған жағдайда — Қытай шекарасынан шықпау жөніндегі өз сертін бұзға және келіссөз жүргізу үшін КСРО-ның кез келген жеріне баруға өзін екенін мәлімдеді. Осыдан кейін кеңес-қытай қатынастарында «дейтантық» нышандар — шиеленістің бәсеңдеуі байқалды. Оның бірінші белгісі — Мәскеудің КХР-ға КСРО Жоғарғы Кеңесінің делегациясын жіберу жөнінде шешім қабылдауы еді. Делегация құрамына Казак КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н. Назарбаев кірді.

Бізге, делегациямен жұмыс істеген елшілік қызметкерлеріне, алғашқы сағаттан бастап қазақстандық премьерге басты рөл берілгені түсінікті болды. Делегация басышы КСРО Жоғарғы Кеңесі Одақ Кеңесінің Төрағасы Лев Толкуновты қоса алғанда, осыз басқа жұмыс бабындағы отырыстарды былай қойғанда, шай ішуде де отырған жоқ. Сол кездерде Н. Назарбаевтың өз тұлғасы биіктей түскені көзге ұрып тұрды. Ол біреудің күштеуімен немесе сырт көзге арналған жасанды көрініс емес, оның тұлғалық беделіне сай, өмір ағынымен болып жатты. Осыдан, делегацияны, шан мәнінде, кім басқаратыны Мәскеуде өзін-өзі шешілген секілденді.

Н. Назарбаев Беловеж қорығындағы кездесуге шақыру алса да, оның орнына Ашхабадқа барғаны белгілі. Мұнда оның ұсынысы бойынша Орта Азия республикаларының басшылары бас қосты. Сол күндері Достастықтың болашақ тағдыры шешілген болатын. Славян мемлекеттерінің одағына қарсы тепе-теңдік тұрғысында азиялық блоқтың құрылуы (өйтеуір, әлемдік ақпарат агенттіктері солайша хабарлады) мүмкіндігі де жокқа шығарыл-

мады. Көңіл толқытар сол бір драмалық сәттерде, қазақстандық басшының саяси дүниетанымының ауқымдылығы айқын көрінгенін айта кету керек. Оның ұсынысы бойынша Орта Азия республикаларының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кіруі туралы шешім қабылданды. Оған қоса, Н. Назарбаев барлық басшыларға Достастықты құру фактісін заң жүзінде ресімдеу үшін Алматыда кездесу өткізуді ұсынды. Алматы декларациясы осылайша дүниеге келді.

Президент Н. Назарбаев бұл табыстарға төкпей іліскен жоқ. Ол сапалық тұрғыдағы жаңа өзгерістерсіз жұмыс істеуге Достастықтың қабілетсіздігін түсінді. Бұрынғы кеңестік мемлекеттерді интеграциялау идеясы осылай туған еді.

Лиссабон хаттамасына қол қойыла салысымен біздің елімізді дипломатиялық мойындаудың, Қазақстанда шетелдік елшіліктер және халықаралық ұйымдар өкілдіктері ашылуының ұзақ сонар жұмысы үздіксіз жүріп жатты. Президент Н. Назарбаевтың қазіргі әлемнің жетекші мемлекеттерінің басшыларымен кездесулері мен келіссөздері басталды. Дүниежүзілік қоғамдастық Қазақстанды онсымен ынтымақтауға және оны дамытуға, халықаралық өмірдің неғұрлым көкейтесті мәселелері бойынша диалог жүргізуге әбден болатын, әлемдік тәртіптің тағдыры үшін жауапты кемелденген мемлекет ретінде таныды.

Ядролық мұрадан бас тарту және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу жөніндегі әлем тарихында бұрынсоңды болмаған, бейбітшілікке қарай бет-бұрыс әкелген тың шешімнің нақты бағасы осындай.

Н. Назарбаевтың басшылығымен Қазақстанда мемлекеттік басқарудың барлық салаларында түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылды, еліміз жоспарлық экономикадан нарықтық экономикаға бет бұрды. Демократия мен құқықтық тәртіптің берік дәстүрлері болмаған елде, қатан орталықтандырылған өміршілдік жүйеленеркін нарыққа көшу күрделі де ауыр және ұзақ болуы мүмкін еді. Президент тәуекелге

және әлеуметтік торыға өкеліп, ақыр соңында демократиялық мұраттарға деген сенімнен күдер үздіретіні сөзсіз. Бұған дәлел жетіп артылады.

АҚШ басшысымен кездесуде президент Б. Клинтон өте көңілді болды және қуанышын жасыруға тырысқан жоқ. Тарихы көпке мәлім өйгілі ғимараттың төбесіне тие жаздап, ол Ақ үйдің иесі мен меймандар барлық халықаралық кездесулерді өткізетін Доғал кеңсеге бірге бару үшін Н. Назарбаевқа қарсы шыға келді. Тас пөшіннің қасындағы бұл орын барша жұртқа белгілі, өйткені америка теледидарының жаңалықтарында тұрақты түрде көрсетіліп жатады. Іс жүзінде шетел делегацияларын қабылдайтын бұл зал делегация мүшелері мен тілшілер орен сиятын, ұядай ғана жайлы кабинет еді. Бірақ америкалықтар осыған байланысты еш қысылған емес.

Мемлекеттік хатшы К. Райс онау бала кезінде дүниежүзіне аты мәшһүр пианистка болуды армандап, сол мақсатына жету жолында көп жұмыс істеп, дәмелсіз еңбектенгенге ұқсайды. Алайда бір мезеттерде өзін бойында талант емес, зор қабілет қана бар екенін пайымдапты. Ал талант болмайынша, әлемлік сахналарға иек арту өңбейтін іс екенін түсінген. Сөйтіп, саясаткер болуға бел бұушыты. Университетке түсіп, орыс тілін, Ресейдің және Кеңес Одағының тарихын оқып, үйрене бастайды, содан соң ғылым жолына түседі, университетте оқытушылық қызметпен айналысады.

Ғылымға деген құштарлығына қарамастан, Кондолиза саясаттан қол үзбей республикашылармен тығыз байланыс жасады. Оның тәлімгерлері Брент Скоуфрот пен Джеймс Байкер сияқты атақты саясаткерлер болды. Республикашылар лагерінде өбден ысылған ол, келешегі зор саясаткерлердің «алтын тізіміне» кіреді. 2000 жылы билік басына кіші Д. Буштың келуімен, Алабамадан шыққан өр мінезді қара қыздың жұлдызы жарқырап шыға келді.

Президенттік ерлі-зайыптылар Н. Назарбаевты биік қадарда желбіретіп тұрған Қазақстан мен АҚШ-тың мемлекеттік Тулары көзге шалынған ұй ауласында қарсы алды. Бұл факт алдағы кездесудің жарғылай ресми сипатын білдірді. Жүз метрдей жерде тұрған көптеген туристер Президенттерді құлына суретке түсіріп жатты. Үй қожайындары бізді қонақ бөлмеге шақырып, шай, салқын сусындар

ұсынды. Буштың өзі аздап мұз қосылған (Батыста арақты, біздің пікірімізше, дәстүрге мүлде келмейтін осындай әдетпен ішеді) арақ ішуге қарсы еместігін білдіріп, бізді қатты таңғалдырды. Олай дейтінім, сол кезде оның жасы 83-те болатын. Бірақ танданысымыздың үлкені алда екен — үй иесі ұшақтан парашютпен секіруді жоспарлап отырғанымен бөлісті. Мұндай тосын және қауіпті қадамға не үшін баратынын сұраған біздерге ол: «Қартайғанда да сергек өмір сүріп, көкірек кере демалуға болатындығын баршаға дәлелдігім келеді» деді.

АҚШ-тың бұрынғы президенті мен оның зайыбы Нұрсұлтан Әбішұлына және онымен бірге жүрген адамдарға Қазақстан басышы қонып шығатын бөлмені көріп шығуды ұсынды. Барбараның өзі жылытқыштардың қосылғанын, перделердің дұрыс ілінгенін тексеріп шықты. Сосын ол көрпе-жастықты түзеп, аналық мақта-нышпен: «Сіз АҚШ-тың қазіргі президенті жатқан төсекте ұйқылаңыз» деді. Нұрсұлтан Әбішұлының жауабы шұғыл болды: «Бұл төсекте сіздің келінініз Лора Буштың жатпағаны қандай жақсы болды».

2006 жылғы 29 қыркүйекте Ақ үйде, екіжақты қарым-қатынастардың келешегі үшін айрықша маңызға ие болған Қазақстан-Америка жоғары деңгейдегі кездесуі өтті. Президент Н. Назарбаевты Д. Буш: «Менің досым, сені Вашингтонда көргеніме қуаныштымын!» деп жылы ықыласпен қарсы алды. Н. Назарбаев: «Сіздің өкі-шеніздің сөлемін жеткіземін. Олар маған Сіздің төсегіңізде қонып шығуға рұқсат етті» деп жауап қайтарды. Д. Бушқа кездесудің бұлай басталуы ұнай қалды. Жоғары қонаққа тас пөшін жанындағы креслоға отырды ұсынып, америкалық президент екіжақты қарым-қатынастар бойынша екпінді де зор дауысымен сөйлеп кетті.

Бірде Н. Назарбаевпен Өзбекстанмен қатынасымыз жөнінде неғұрлым кең отырып сөйлескенім бар. Ол қазақ-өзбек қатынастарының өрден келе жатқан жақсы да жаман жақтарын бұге-шүгесіне дейін білетінін аңғартты. Қорытынды біреу-ақ: біздің стратегиялық мүдделерімізді сақтай отырып, өзбек ағайындармен ұзақ та тұрлаулы қатынас орнату. Президенттің айтуынша, бұл елмен бастапқы кездеңде қандай өзара қарым-қатынас орнаса, тәуелсіздіктің алғашқы он жылы ішінде Қазақстанның болашағы, оның онтүстік аудандарының қауіпсіздігі көп жағдайда соған байланысты болмақ. «Мен неге Көркімовпен жиі кездесем? Себебі қарапайым адамдар, әсіресе, дикандар біздің өзара келісімдеріміз бен шарттарымыздың мәтіндерін оқымағанымен, радио тыңдайды, кейде теледидардан олардың Елбасылары бір-бірінің қолын қысып, төс қағыстырып жатқанын көреді. Бұл халықтарымыз үшін жақсы нышан, демеқ, бұлардың арасында достық бар екенін білдіреді» деп түсіндірді Н. Назарбаев.

Біздің ішкі саясатымыздағы секілді, халықаралық аренадағы жетістіктерімізді де дүниежүзіне белгілі, көрнекті мемлекет қайраткері Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланыстырамыз. Бүгінде, өткен өмірге көз жүгірте отырып, тәуелсіздік қарсаңында Мемлекет басышы біздің дамуымыздың бүкіл көріністері мен қазіргі заманғы мемлекет құрылысының жекелеген бөліктерін нақты көре алғаным ұғынамыз.

Тоталитарлық кезеңде өмір сүрген, нарықтық экономика мен демократиялық қоғам түсіне де кірмеген, өткен ғасырдың 90-жылдарының басында келешегіне көпшілік күмәнмен қараған ел Н. Назарбаевтың басшылығымен біздің ел тандарлық табыстарға қол жеткізді, аса күрделі жанару әдеттерінің жүзеге асырды.

Ой-өрісінің ауқымдылығы мен көкейтесті мәселенің стратегиялық деңгейін дәл байқау білетіні Нұрсұлтан Назарбаевты ерекшелет тұрады. Ол біздің мемлекетіміздің ядролық мәртебесін шешу барысында нақты көрінді. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы мен қаруды таратпау туралы келісімге қосылу туралы шешімін әлем қоғамдастығы жоғары бағалады. Қазақстан өңегесті әлемдік саясаттағы ерекше құбылыс ретінде танылды және әлемнің басқа ядролық мемлекеттеріне үлгі болды.

Қазақстан мемлекеті басынның ядролық полигонды өз еркімен жабу туралы ерекше шешімі күллі әлем тарихында тұңғыш рет болған тосын қадам еді. Бұл шешімнің тек енді дүниеге келген жас мемлекет үшін ғана емес, асырып айтағанының өзінде — бүкіл дүниежүзі қоғамдастығы үшін айрықша маңызды болды. Тек Семей полигоны жабылғаннан кейін ғана Невада полигонында, Лоб-Норда, Жаңа жер аралында тыныштық орнады. 1995 жылғы қыркүйекте Муроура аралында Францияның қуаты шаған ядролық сынақтарының қайталануы халықаралық қоғамдастық тарапынан ашу-ыза туғызды, тіпті БҰҰ-ның арнайы қарары қабылданды. Дүниежүзі бойынша қарсылық білдіру акциясы Парижді ядролық сынақтарды мерзімінен бұрын тоқтатуға мәжбүрледі.

Нұрсұлтан Назарбаевтың маңдайына Қазақстанның Тұңғыш Президенті, жана елорда — Астананың негізін қалаушы болу тағдырын жазыпты. Бүгінде біздің Отанымыз бұрынғы кеңестік, кеңестік қана емес, күллі түркі әлемінің ең табысты мемлекеті болып танылды. Қазақстандықтар өз Отанын, өз елордасын мақтан тұта алады. Қазақстан азаматы болу, бұл — өте үлкен құрмет және жоғары атак. Ұлан-байтақ Отанымызға, отандық және әлем тарихына — Мемлекет құрушы, Реформатор және Жасампаз ретінде еніп отырған біздің лидерімізге деген құрмет — оң қазақстандықтың азаматтық парызы.

Мемлекет басышы дағдарыстың сыртынан келгені, оның жаһандық сипаты бар екенін атап өтті. Оны еңсеруге дүниежүзінің ішкі жалпы өнімнің 15 пайызы немесе он триллион доллар жұмсалғанымен жалпы жағдай жақсармай отыр. Жыл бойына мұнай бағасы — төрт есе, металл бағасы — екі есе төмендеп кетті, экспорттық түсім елеулі түрде қысқарды. Біздің еліміздің негізгі өте ең жақын сауда әріптесі — Ресей — өзіннің ұлттық валютасын девальвациялады. Қазақстан да отандық тауар өндірушілердің мүддесі үшін теңгені амалсыздан девальвациялауға мәжбүр болды.

Президент өз азаматтарының алдында алыстан болжайтын және мәселелерге басқалардан әлдеқайда кенірек қарайтын мемлекеттік қайраткер ретінде көрінді. Ол өз елінің көркеюін армандап қана қоймайды, басқаларға қиял секілді елестейтінді болдыру үшін күні-түні аянбай еңбек етеді. Бүгінде шетелдік меймандар Қазақстанның жана елордасы — Астанадағы заматта пайда болған ерекше ғимараттар мен құрылыстарын қызыға да таңдана тамашалай келіп, «бұл тек нағыз лидердің ғана қолынан келеді» деседі.

Нұрсұлтан Әбішұлы мектептегі немесе зауыт цехындағы достарына, Үкіметтегі әріптестері немесе жана тарихи дәуірдегі мемлекет құрылысындағы үзентістеріне өте адал. Ол — нағыз дос және өз достарын үнемі жаднан шығармайды, оларға ұдайы қарсады өрі қиын жағдайда қол ұшын беруге дайын. Кейбір шетелдік әріптестері қиын-қыстау жағдайда өздерін қалай ұстайтындарын еске алсақ, бұл қазіргі кезде сирек кездесетін қасиеттер. Алайда оның достары бәрі бірдей бола қоймайды, сын тезінен өте алмағандары да бар. Бірақ америкалықтардың айтуынша, ол «басқа оқиға». Расында, Нұрсұлтан Әбішұлы өзіннің өмірлік қағидасынан еш ауытқымайды. Бірде ол былай деген еді: «Ешқашан жартылай дос болған емеспін, егер дос болсам, достарыма бүкіл жан-тәніммен берілмін».

Біздің еліміздің ең басты үміті — жастар. Біздің халқымыздың лидері ұл-қыз-дарымызға: «Оқыңдар, ұмтылыңдар, жасандар, еңбек етіңдер!» Жастар, тек Сіздерге ғана елімізді көркейтуді және оны әлемнің ең дамыған елдерінің қатарына қосу бақыты бұйырып тұр» деп үн қатты.

Мынандай сөз бар: «Ұлы істер қиын кездерде туындайды». Оған былайша қосқан жөн болар еді: «Ондай істерді атқару аса көрнекті мемлекеттік қайраткердің ғана қолынан келеді. Біздің Президентіміз — сондай адам».

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың батыл да жігерлі көшбасшылығы арқасында Қазақстан дағдарыстан шыңдалып, шынайылық шындық. Мемлекет басышының айтуынша, таауды жаһандық қаржы күйзеліс кезінде айқындалған біздің жұмысымыздың басты қорытандысы мынандай: «әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс өркендеуі қарқынына ықпал еткенімен, біздің дамуымызды тоқтата алған жоқ».

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қандай адам? Осындай біртуар және аса дарынды адаммен диалогасқан сәттеріме, Қазақстан Президенті ретіндегі қызметін байқауларыма сүйене отырып, өз пікірімізді былайша айтар едім. Менің ойымша, ол біздің мемлекетімізді қалыптастыру, дамыту және нығайтуда орасан зор рөл атқарды. Оны бағалау да, басқа бір тарихи тұлғамен салыстыра да өте қиын. Өйткені әрбір ұлы тұлғаны өз жетістігі, өз жеңістері, өз қасиеті бар. Олар бір-біріне мүлде ұқсаймайды. Бұл, әсіресе, өте еңбеккер, қайсар да қайратты, харизмаға аса бай және ішкі түйсігі өмірі алмайтын Н. Назарбаевқа қатысты. Тұлғаларды салыстырудан қаша алмаспыз, өйткені тарихи деректер солардан құралады. Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаев пен Кемаль Ата-түрік арасында теңдік белгісін батыл қойғын келеді.

Бүкіл халықаралық қоғамдастық қазақстандық даму үлгісі құбылысының пайда болғанына тегіннен-тегін назар аударған жоқ. Жетекші мемлекет басшылары мен әлемге аты өйгілі экономистер Қазақстан Президентінің көрнекті реформатор, әлемдік ауқымдағы саясаткер деп тануы да тегін емес. Біздің басты секілді саясаткерлер туралы: «Ол тарихты тамаша жасай алады» деп өділін айтады.